



АСТАНА

АҚШАМЫ

Қозы менен Баяндай...

Астана қаласының Мемлекеттік академиялық филармониясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ғабит Мүсіреповтің шығармасы желісімен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» музыкалық театрландырылған қойылымның премьерасын өткізді. Идеясын аталмыш өнер ұжымының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәкен Әбдірахманов ұсынған туындыны Асхат Қошаев сахналады. Режиссер Қодар бейнесін де сомдап шықты.



Алдымен сахнаның безендірілуі көңілімізден шыққанын айтуға тиістіміз. Табиғаттың әсем көріністері де, қазақ тұрмысы да тамаша бейнеленген. Ал кейіпкерлерге келсек, Қарабайды ойнаған «Мәдениет саласының үздігі» Нұрай Танабаев шын шебер екенін байқатты. Өртіс малын бәрінен артық көретін дүниеқоңыз адамның рөлін нанымды алып шықты. Жантықты сомдаған Қуат Ежембековтің де рөлге жанын салғаны байқалды. Мақпалдың рөліндегі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлзира Бөкейхан мен Күнікейді бейнелеген Күмісжан Бейбітхан да сәтті ойнады.



Өкінішке қарай, бас кейіпкерлер – Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың бейнесіне енген «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Нұрбол Балапанов пен Көркем Шолошова рөлдерін солғын шығарды. Мұны түсінуге де болатын шығар, себебі олар кәсіби әртістер емес. Біріншісі әнші болса, екіншісі – биші.

Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов дирижерлік еткен филармонияның қазақ оркестрі қойылымға сай музыканы таңдады. Халық әндері, өмірден ерте озған композитор Бексұлтан Байкенжеевтің музыкасы қойылыммен жымдасып кетті. «Шалқыма» халық би ансамблі мен эстрада би ансамблі туындыны әрлей түсті.

Қойылымда тартыс көріністері де орын алды. Алайда соңына қарай жетпей қалып, спектакль орта тұсынан үзілгендей әсер етті. Бізге өнер ұжымының Қодар бейнесін соншалықты жауыз болып көрсетпегені ұнады. Ол тасжүрек емес екенін рөлді сомдаған актер жақсы көрсете білді. Бұл қойылым филармония репертуарына берік енеді деп сенеміз.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ